

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 30 желтоқсандағы № 20/164 "2018 – 2020 жылдарға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 28/235 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 3744 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қарашадағы №27/231 "Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 26 желтоқсандағы №20/156 "2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3723 болып тіркелген) шешіміне сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 30 желтоқсандағы №20/164 "2018-2020 жылдарға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3517 болып тіркелген, 2018 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті сәйкесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 27 354,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша - 5 556,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша - 539,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша - 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша - 21 259,0 мың теңге;

2) шығындар – 27 354,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - 0 теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0 теңге;
 қарыздар түсімі - 0 теңге;
 қарыздарды өтеу - 0 теңге;
 бюджет қаржатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2018 жылға Ақжігіт ауылы бюджетіне 21 259,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 – қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Әбілшеевке жүктелсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Ш.Азанов

А.Ұлұқбанов

Бейнеу аудандық мәслихатының

2018 жылғы 11 желтоқсандағы

№28/235 шешіміне қосымша

2018 жылға арналған Ақжігіт ауылының бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		1.Кірістер	27 354,0
1		Салықтық түсімдер	5 556,0
01		Табыс салығы	1 045,0
	2	Жеке табыс салығы	1 045,0
04		Меншікке салынатын салықтар	4 511,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	78,0
	3	Жер салығы	28,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 405,0
2		Салықтық емес түсімдер	539,0
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	472,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	472,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	67,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	67,0

4		Трансферттердің түсімдері	21 259,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	21 259,0
		3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	21 259,0
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	27 354,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26 914,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26 914,0
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26 914,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	440,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	440,0
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	440,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
		Қарыздар түсімі	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0